ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2024 жылғы 18 қараша №2301-24-00-2/3066 Атырау қаласы

Атырау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
судья А.Р.Балмуханованың төрағалық етуімен,
сот отырысының хатшысы Д.Исмаилова болып, ашық сот отырысында қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Атырау облысы Ішкі саясат басқармасы» мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
Жеке кәсіпкер «Мәденият» басшысы Мәденият Қонысбек Қаирбекұлы

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
талап қоюшы өкілдері А.К.Маженов, А.М.Жален
жауапкер Қ.Қ.Мәденият

<u>СИПАТТАУ БӨЛІГІ:</u>

2024 жылғы 16 шілдеде тараптар арасында көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу туралы №47 шарт жасақталған (бұдан әрі – Шарт).

Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын 1-қосымшасына сәйкес жауапкер тапсырыс берушіге спорттық және ұқсас іс-шараларды ұйымдастыру бойынша қызметтерді, атап айтқанда «Жастар премиясы 2024» іс-шарасын ұйымдастыруға міндеттеме алған.

Шарттың сомасы – 4 339 000 теңге, орындау мерзімі – 2024 жылдың 01 желтоқсанына дейін болып белгіленген.

Шарт Қазынашылық органында 2024 жылғы 18 шілдеде тіркелген.

Техникалық ерекшеліктің 5-тармағына сәйкес, бірінші кезең бойынша:

- әлеуетті өнім беруші жеңімпаз болып анықталған жағдайда жоба аясында ұйымдастырылатын іс-шаралардың жоспарын тапсырыс берушімен келісім шартқа отырғаннан кейін 5 күн ішінде келісуі керек;

- «Жастар премиясы 2024» конкурсының ережесн жасақтап, тапсырыс берушімен келісу – шілде-тамыз 2024 жыл;

- конкурс туралы екі тілде бір минуттық проморолик дайындау (сценарийі тапсырыс берушімен келісілуі қажет) – шілде – тамыз 2024 жыл;

- промороликті тапсырыс берушімен келісе отырып, инстаграм әлеуметтік желісіндегі белсенді парақшаларда ротациялау (оқырман саны 10 мыңнан кем емес белсенді 5 парақшада және оқырман саны 50 мыңнан асатын 10 инфлюенсерлердің парақшалары арқылы) – қазан-қараша 2024 жыл.

Екінші кезең бойынша:

- марапаттау өтетін орынды, сахнаны тапсырыс берушімен келісе безендіру;

- марапаттау өтетін орынды қажетті құрал-жабдықтармен қамтамасыз ету (жарықтық, дыбыстық, музыкалық аппаратура, лед экран, және т.б.);

- жобаны сапалы фото және бейне түсіріліммен қамтамасыз ету;

- конкурс кем дегенде 15 номинациядан тұруы қажет, номинация бойынша тапсырыс берушімен келісу;

- қатысушылардың өтінімдерін бағалайтын комиссия құрамын құру, тапсырыс берушімен келісу (комиссия құрамы 5 адамнан тұруы қажет);

- марапаттау залына 5х3 көлемді баннер дайындау және орнату (эскизді тапсырыс берушімен келісу);

- тапсырыс берушімен келісе отырып, марапаттау шарасын жүргізуге 2 жүргізушіні (екі тілді) шараның жүрі барысын, сценарийін жасауға және концерттік бағдарламасын (кемінде 7-8 номер) дайындауға кәсіби режиссерді тарту;

- жеңімпаз атанған қатысушылар және қатысушы топтардың атқарған жұмыстары туралы 1 минуттан кем емес бейнероликтер дайындау (сценариі тапсырыс берушімен бекітілуі қажет) – қараша 2024 жыл;

- тапсырыс берушімен келісе отырып, жалпы құны 3 000 000 теңгені құрайтын бағалы сыйлықтар немесе қаржылай сертификат табыстау;

- марапаттау шарасын кейтеринг қызметімен қамтамасыз ету, фуршет дайындау;

- қорытынды есеп беру.

2024 жылғы 26 шілде, 01 тамыз күндері жауапкермен жоспардың жобалары табыс етілген.

2024 жылғы 24 тамыздағы хатында тапсырыс беруші жауапкермен ұсынылған жоспарда шараның өтетін орны, уақыты т.б. мәселелер егжей-тегжейлі көрсетілмегені, жоспардың толық жасақталмағаны, техникалық ерекшелікке сәйкес барлық жеңімпаздарға жалпы құны 3 000 000 теңге болатын бірдей сыйлықтар табысталуы тиіс екені, жауапкермен ұсынылған тізімдегі сыйлықтар әр түрлі сипатта және бағада болуына байланысты сыйлықтар тізіміне келіспейтіні көрсетіліп, уақыттың тығыздығына байланысты шараның егжей-тегжейлі жоспарын, ережесін және т.б.

Құжатқа қол қойылған: Балмуханова А. Р., 25.11.2024

Заңды күшіне енген күні: 26.12.2024, судья Саудабаев А. Б., 30.12.2024

құжаттарды ағымдағы жылдың 9 тамызына дейін қайта ұсыну қажеттігі ескертілген.

04 қыркүйектегі хатында тапсырыс беруші жауапкермен ұсынылған жоспардың іс жүзінде техникалық ерекшеліктің көшірмесі екендігі, егжей-тегжейлі жоспар деп қабылдауға келмейтіндігі, жауапкермен ұсынылған тізімде сыйлықтар туралы нақты ақпараттың жоқтығына және бірдей деңгейдегі номинациялар үшін әр түрлі сыйлық ұсынылғаны үшін тізімге тапсырыс беруші тарапынан келісім берілмейтіндігі, ереже жобасында конкурстың нақты талаптары және басқа да мәліметтер толық көрсетімегені ескертіліп, құжаттарды қайта ұсыну үшін 06 қыркүйекке дейін мерзім берілген.

2024 жылғы 26 қыркүйекте жауапкерге сотқа дейінгі талап жолданып, жауапкерге шарттық міндеттемені орындау үшін 30 қыркүйекке дейін мерзім берілген.

Талап қоюшы сотқа талабын жолдап, жауапкермен шарттың міндеттемелері орындалмағанын, іс-шара өткізілмегенін көрсетіп, оны мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тануды сұрады.

Талап қою арызына жауапкермен қарсы пікір ұсынылмады.

Сот отырысында талап қоюшы өкілдері талап қоюды қолдап, жауапкермен бүгінгі күнге дейін жоспар мен ереженің жобасы егжей-тегжейлі жасалып ұсынылмағанын, жауапкермен ұсынылған жоспардың жобасы техникалық ерекшеліктің көшірмесі екенін, онда номинациялар көрсетілмегенін, проморолик түсірілмегенін, яғни бірінші кезеңде атқарылуы тиіс жұмыстар әлі атқарылмағанын, жеңімпаздарға берілетін сыйлықтар тапсырыс берушімен келісілуі тиіс болғанын, алайда жауапкер ағылшын тілін оқытуға сертификат табыстағысы келгенін, оған тапсырыс беруші келіспегенін, «Жастар премиясы» іс-шарасы жылда өткізіліп жүргенін, осы жылғы көктемгі су тасқынында волонтер болған жастарды марапаттау жоспарланғанын, алайда қазіргі жағдайда ол мүмкін еместігін көрсетіп, талапты толық көлемде қанағаттандыруды сұрады.

Сот отырысында жауапкер Қ.Қ.Мәденият талапты мойындамай, алайда, талапқа қарсылығының негізі ретінде қандай да болмасын пікір білдірмеді.

<u>УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:</u>

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің (бұдан әрі – АК) 386-бабының талабына сай шарт оны жасасқан кезден бастап күшіне енеді және тараптар үшін міндетті болып табылады.

Ал, АК-нің 272-бабының талабына сәйкес: міндеттеме-міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше орындалуға тиіс, ал мұндай шарттар мен талаптар болмаған жағдайда-іскерлік қызмет өрісіндегі әдеттегі

Құжатқа қол қойылған: Балмуханова А. Р., 25.11.2024
Заңды күшіне енген күні: 26.12.2024, судья Саудабаев А. Б., 30.12.2024
2301-24-3-1/3330

құқықтарға немесе әдетте қойылатын өзге де талаптарға сәйкес орындалуға тиіс.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сатып алу туралы Заңының 12-бабының 4-тармағының 3) тармақшасына сай, мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі өздерімен жасалған мемлекеттік сатып алу туралы шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісінше орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді.

Осы тармақтың бірінші бөлігінің 3) тармақшасында көрсетілген жағдайда, тапсырыс беруші өнім берушінің Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасын бұзу фактісі туралы өзіне мәлім болған күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей мұндай өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюмен сотқа жүгінуге міндетті, бұған жиынтығында мынадай шарттарды:1) өнім берушінің тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) төлеуі; 2) шарттық міндеттемелерді толық орындау; 3) тапсырыс берушіге келтірілген залалдың болмауы шарттарын қанағаттандыратын жағдайлар қосылмайды.

Аталған заң талабын орындау мақсатында талап қоюшы сотқа тиісті талаппен мерзімінде жүгінген.

Қазіргі таңда, жауапкермен шарт бойынша міндеттемелер орындалмаған, бірінші кезеңде орындалуы тиіс іс шаралар, атап айтқанда, іс-шараның жоспары, ережесі дайындалып, тапсырыс берушімен келісіліп, бекітілмеген, проморолик түсірілмеген.

Тапсырыс берушімен жоспарланған іс-шара өткізілмеген, жағымсыз салдар туындаған.

Бұл жағдайда, талап қоюшының жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талабы сотпен негізді деп танылады және ол қанағаттандырылуға жатады.

АПК-тің 117-бабына сәйкес жауапкерден мемлекет кірісіне 1846 теңге мемлекеттік баж өндірілуі тиіс.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 117,223-226-баптарын басшылыққа алып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

«Атырау облысы Ішкі саясат басқармасы» мемлекеттік мекемесінің жеке кәсіпкер «Мәденият» басшысы Мәденият Қонысбек Қаирбекұлын мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талабы қанағаттандырылсын.

Жеке кәсіпкер «Мәденият» басшысы Мәденият Қонысбек Қаирбекұлы мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Құжатқа қол қойылған: Балмуханова А. Р., 25.11.2024
Заңды күшіне енген күні: 26.12.2024, судья Саудабаев А. Б., 30.12.2024
2301-24-3-1/3330

Жеке кәсіпкер «Мәденият» басшысы Мәденият Қонысбек Қаирбекұлынан мемлекет кірісіне 1846 (бір мың сегіз жүз қырық алты) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Шешімге Атырау облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым, прокурордың өтінішхаты Атырау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы, Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 403, 404-баптарының талаптарын сақтай отырып, шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап берілуі, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде беруі мүмкін.

Судья к/қ А.Р.Балмуханова

Көшірмесі дұрыс.

Төраға Саудабаев А.Б.

Шешім заңды күшіне 26 желтоқсан 2024 жылы енді.

Төраға Саудабаев А.Б.

Құжатқа қол қойылған: Балмуханова А. Р., 25.11.2024

Заңды күшіне енген күні: 26.12.2024, судья Саудабаев А. Б., 30.12.2024

2301-24-3-1/3330